10. 2013 жылдың ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау мәселесі бойынша Ұлттық Банктің 10 аумақтық филиалдарына практикалық көмек көрсету үшін тексерулер өткізілді.

Филиалдарға 2013 жылға жоспарланған барлық тексерулер орындалды.

Филиалдарды тексеру процесінде жергілікті жерлерде мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі мәселелерді түсіндіру арқылы практикалық көмек көрсетілді.

Тексерулердің барысында филиалдардың қызметіндегі мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі мәселелер бойынша жекелеген ескертулер/кемшіліктер анықталды, олар 2013 жылдың қорытындысы бойынша жинақталып, Ұлттық Банктің басшылығына жеткізілді.

Филиалдарда мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мерзімін бұзу тіркелмеді. Шағымдар да келіп түспеген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – ҚҚК) 2013 жылы «Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім беру» мемлекеттік қызметін көрсету кезінде 8 мерзімді бұзу фактісіне жол берген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мерзімі ҚҚК-нің Лицензиялау департаменті жұмыс істеген кезеңде (2013 жылғы 1-тоқсанда) бұзылған. ҚҚК-нің Лицензиялау департаменті таратылды.

Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мерзімдерін бұзуға жол бермеу, оның ішінде ҚҚК-нің заңнамада белгіленген мерзімдерді сақтау тұрғысынан тұрақты негізде құқықтық лекторий өткізуі арқылы жол бермеу жөнінде шаралар қабылданды.

Ұлттық Банк тоқсан сайын Ұлттық Банктің бөлімшелері мемлекеттік қызметтерді көрсету карточкаларында қамтыған ақпаратты жинау және жинақтау жөнінде іс-шаралар жүргізді.

2013 жылы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің 4 403 карточкасы жиналды және аталған карточкалардың талдамасы төмендегіні көрсетті:

көрсетілген мемлекеттік қызмет **процесінің сапасы** былай бағаланды:

- «жақсы» – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 4 351 тұтынушысы,
- «қанағаттанарлық» - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 45 тұтынушысы,
- «нашар» - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 7 тұтынушысы.

көрсетілген мемлекеттік қызметтің **қолжетімділігі**:

- «жақсы» – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 4 323 тұтынушысы,
- «қанағаттанарлық» - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 52 тұтынушысы,
- «нашар» - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 12 тұтынушысы.

көрсетілген мемлекеттік қызмет қызметкерлерінің *сыпайылығы*:

- «жақсы» – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 4 364 тұтынушысы,
- «қанағаттанарлық» - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 20 тұтынушысы,
- «нашар» - мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 2 тұтынушысы.

2013 жылға мемлекеттік қызмет көрсету карточкалары бойынша жиынтық ақпарат

Жауапты бөлімше	Карточка саны	Қызметті көрсету процесінің сапасы			Қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың қолжетімділігі			Қызметкерлер-дің сыпайылығы		
		нашар	қанағаттанарлық	жақсы	нашар	қанағаттанарлық	жақсы	нашар	қанағаттанарлық	жақсы
Аумақтық филиалдар	2495	0	18	2493	0	1	2494	0	0	2495
Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті	77	0	0	77	0	0	77	0	0	77
Қолма-қол ақшамен жұмыс департаменті	4	0	0	2	0	0	2	0	0	2
Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын және исламдық қаржыландыруды дамыту департаменті	31	0	0	31	0	0	31	0	0	31
ҚРҰБ ҚҚК	1796	7	27	1748	12	51	1719	2	20	1759
Барлығы:	4403	7	45	4351	12	52	4323	2	20	4364

Осыдан келіп, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың 2013 жылы мемлекеттік қызметтің көрсетілуіне қанағаттануы:

- *процестің сапасына* - 99,8% ,
- *қолжетімділігіне* – 99,4 %,
- *қызметкердің сыпайылығына* – 99,6%.

Жалпы Ұлттық Банктің бөлімшелері 2013 жылы 6 827 мемлекеттік қызмет көрсеткен, оның ішінде Ұлттық Банктің Орталық аппараты – 111, филиалдар – 2 630 және ҚҚК – 4 086.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізген мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылаудың нәтижесі Ұлттық Банкке 2014 жылғы __ сәуірдегі жағдай бойынша әлі келіп түскен жоқ.

Ұлттық Банктің 2013 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізілген жоқ.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетудің одан арғы тиімділігінің және оның сапасына көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттануын арттырудың перспективалары.

2014 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша Ұлттық Банктің қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында мыналар жоспарланып отыр:

- 1) мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 2) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттандырылуын қамтамасыз ету;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша одан әрі іс-шараларды ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жүргізу;
- 4) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі бақылауын күшейту бойынша шаралар қабылдау;
- 5) Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтерді көрсететін құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық филиалдарының мемлекеттік қызметтер стандарттарын сақтауы бойынша іс-шаралар жүргізу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2014 жылғы 3 ақпан

№ 12

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы
№ 241 қаулысына өзгерістер енгізу туралы*

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің іске асыру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 241 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7955 тіркелген, 2012 жылғы 14 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 746-751 (27823) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидаларында:

3-тармақтың б) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімімен бекітілген Бағалы металдарды, асыл тастарды және бағалы металдары бар шикізат тауарларын Кеден одағының кеден аумағына әкелу және Кеден одағының кеден аумағынан әкету тәртібі туралы ереженің 2-қосымшасында көрсетілген бұйымдарды қоспағанда, құрамында 1000-ға 995 бөліктен кем емес химиялық таза алтын бар өлшеуіш күймалар, пластиналар, түйіршіктер, ұнтақ және басқа нысандар түрінде берілген бағалы металл;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Бекітілген сатып алу лимиті шеңберінде Ұлттық Банк тазартылған алтынды өндіру және сату болжамының кестесін ұсынған нақты клиенттен алдағы жартыжылдықта сатып алынатын тазартылған алтынның көлемін айқындайды. Сатып алу көлемдері клиенттерге алдағы жылдың бірінші жартыжылдығына – ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына дейін, ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығына – ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін жеткізіледі.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Тазартылған алтынның бағасы мәміле күнінің алдындағы күнгі теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа алынған биржалық бағамына және Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығының алтынға арналған таңертеңгі және кешкі фиксингінің бүкіл жеткізілім айындағы орташа мәніне және:

алтынды халықаралық нарықтарға экспорттау жөніндегі көлік шығыстарынан;

бид-аск (bid-ask) спредтен тұратын іске асыруға жұмсалатын шығындардан;

Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы қабылдаған және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондон сапалы жеткізілімі» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген халықаралық сапа стандарттарына жауап бермейтін тазартылған алтын сатып алынған жағдайда қолданылатын сапа үшін жеңілдіктен тұратын дисконтқа қарай теңгемен айқындалады.

Дисконт мөлшерлемелерін айқындау мақсаттары үшін бид-аск (bid-ask) спредтен тұратын іске асыруға жұмсалатын шығындар тек Ұлттық Банк Басқармасының шешімі негізінде нөлге тең деп қабылданады.

Дисконттың алдағы жартыжылдыққа арналған мөлшерлемелерін Ұлттық Банктің Төрағасы бекітеді.

Бір кезеңде сатып алынатын сапасы бір бүкіл тазартылған алтынға бірыңғай дисконт мөлшерлемесі қолданылады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 ақпанда № 9178 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2013 жылғы 23 қыркүйек

№ 248

Кастодиан есептілігінің тізбесін, нысандарын,
ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мына:

- 1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Кастодиандар есептілігінің тізбесі;
- 2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кастодианның номиналдық ұстауында тұрған бағалы қағаздар туралы есеп;
- 3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша клиенттердің оқшауланған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп;
- 4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп;
- 5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша номиналдық ұстауда тұрған шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар туралы есеп.
- 6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес кастодиандардың есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Кастодиан есептілікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық нысанда тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

3. Осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 26 желтоқсанда № 9026 тіркелді

Кастодиандар есептілігінің тізбесі

Кастодианның есептілігіне мыналар кіреді:

- 1) кастодианның номиналдық ұстауында тұрған бағалы қағаздар туралы есеп;
- 2) клиенттердің оқшауланған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп;
- 3) кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп;
- 4) номиналдық ұстауда тұрған шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар туралы есеп.

Әкімшілік деректер жинау үшін арналған нысан

Номиналдық ұстауда тұрған бағалы қағаздар туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы «__» _____

Индекс: 1- CUST_NOM_DER

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Кім ұсынады: кастодиан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей

(кастодианның атауы)

№	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Номиналдық ұстаушының атауы	Есепті кезең соңындағы жағдай бойынша кастодиан клиенттерінің шотындағы бағалы қағаздардың саны және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны							
				Барлығы	Қазақстан Республикасының еркіті жинақтаушы зейнетақы қорлары (зейнетақы активтері)		Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлары (инвестициялық қорларының активтері)		Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктері (меншік иерінің)		
				Бағалы қағазды ұстаушылар	Бағалы қағаз (дана)	Бағалы қағазды ұстаушылар	Бағалы қағаз (дана)	Бағалы қағазды ұстаушылар	Бағалы қағаз (дана)	Бағалы қағазды ұстаушылар	Бағалы қағаз (дана)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Жиынтығы											

кестенің жалғасы:

Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (меншік иелері)		Қазақстан Республикасының брокерлері- дилерлерінің (меншік иелері-банк еместер)		Қазақстан Республикасының қаржы нарығының өзге лицензиаттарының (меншік иелерінің)		Номиналдык ұстаушылар -Қазақстан Республикасының резиденттері		Номиналдык ұстаушылар -Қазақстан Республикасының резиденті еместер	
бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана)	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

кестенің жалғасы:

Қазақстан Республикасының резиденттерінің		басқа заңды тұлғалардың – Қазақстан Республикасының резиденті еместердің		жеке тұлғалардың – Қазақстан Республикасының резиденттерінің		жеке тұлғалардың – Қазақстан Республикасының резиденті еместердің	
бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың	бағалы қағаздардың (дана) ұстаушы-лардың
23	24	25	26	27	28	29	30

Бірінші басшы (ол болмайтын кезеңде – оның орнындағы тұлға) _____

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____

(лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты), _____ (қолы)

_____ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

мөр орны

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды
толтыру бойынша түсіндірме

Номиналдық ұстауда тұрған бағалы қағаздар туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Номиналдық ұстауда тұрған бағалы қағаздар туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын жасайды.
4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда номиналдық ұстаушының (депозитарийдің, кастодианның, тіркеушінің немесе кастодиан номиналдық ұстауды жүзеге асыратын басқа ұйымның) атауы көрсетіледі.
6. 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27 және 29-бағандарда заңды тұлғаның қызметі және резиденттігіне және (немесе) жеке тұлғаның резиденттігіне байланысты кастодиан клиенттерінің шоттарында тұрған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.
7. 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28 және 30-бағандарда заңды тұлғаның қызметі және резиденттігіне және (немесе) жеке тұлғаның резиденттігіне байланысты бағалы қағаздар ұстаушылардың саны көрсетіледі.
8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Әкімшілік деректер жинау үшін арналған нысан

Клиенттердің оқшауланған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп

Есепті кезең: _____ 20__ жыл үшін

Индекс: 2 - CUST_BЛОК

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Кім ұсынады: кастодиан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей

(кастодианның атауы)

Күні	Клиенттің атауы	Активтердің түрлері	Қаржы құралының түрі	Эммитенттің атауы	Бағалы қағаздың коды	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Нарық	Мәмілелер жасау туралы оқшауланған (орындалмаған) тапсырма түрі	Мәмілелер жасау туралы оқшауланған (орындалмаған) тапсырманың көлемі, теңге	Бас тартуға негіз
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Бірінші басшы (ол болмайтын кезеңде – оның орнындағы тұлға) _____
(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____
(лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты), _____ (қолы)
(телефон нөмірі)

Еселке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____
мөр орны

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме

Клиенттердің оқшауланған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Клиенттердің оқшауланған (орындалмаған) тапсырмалары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын жасайды. Нысан теңгемен ұсынылады.
4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда инвестициялық портфельді басқарушының, кастодианның клиенттері болып табылатын брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның атауы көрсетіледі.
6. 3-бағанда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті немесе зейнетақы активтері не инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, кастодианның кастодиандық қызметінде тұрған брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттерінің активтері көрсетіледі.
7. 8-бағанда нарық атауы «қор биржасы», «ұйымдастырылмаған нарық», «халықаралық нарық» форматында көрсетіледі. Егер мәміле қор биржасының сауда жүйесінде жүзеге асырылған болса, оның резиденттілік елі «қор биржасының/елінің атауы» форматында көрсетіледі.
8. 9-бағанда оқшауланған (орындалмаған) мәміленің түрі (сатып алу, сату, «РЕПО» ашу және жабу операциялары, банктік салым шартын және басқа мәміле жасау) көрсетіледі. «РЕПО» операциялары бойынша «РЕПО» операциясының түрі де көрсетіледі: тікелей немесе кері «РЕПО».
9. 11-бағанда кастодиан банктің мәміле жасау туралы тапсырманы оқшаулауының (орындамауының) негіздемелері көрсетіледі.
10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Әкімшілік деректер жинау үшін арналған нысан

Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп

Есепті кезең: _____ 20__ жыл үшін

Индекс: 3- CUST_CLIENT

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Кім ұсынады: кастодиан

Нысан қайда ұсыналады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей

_____ (кастодианның атауы)

№	Клиенттің атауы	Резиденттік белгісі	Клиенттердің саны		
			Уәкілетті органның лицензиясына сәйкес жүзеге асыралатын қызмет түрін көрсете отырып қаржы нарығының лицензиаттарының	Басқа заңды тұлғалардың	Басқа жеке тұлғалардың
1	2	3	4	5	6
Жиынтығы	х	х			

Бірінші басшы (ол болмайтын кезеңде – оның орнындағы тұлға)

_____ (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____ (лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты), _____ (қолы) _____ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____ мөр орны

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме

Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Кастодиан клиенттерінің саны туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды және ұсынымдық сипатта болады.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

1. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда кастодианның клиенттері болып табылатын заңды және жеке тұлғаларының атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда кастодиан клиентінің резиденттік белгісі көрсетіледі.

7. 4, 5 және 6-бағандарда тиісті баған бойынша «1» белгісі көрсетіледі және «Жиынтығы» деген жолда жинақталады.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Әкімшілік деректер жинау үшін арналған нысан

*Номиналдық ұстауда тұрған шет мемлекеттің
заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар туралы есеп*

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____

Индекс: 4- CUST_NOM_DER_IN

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Кім ұсынады: кастодиан

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінші айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей

(кастодианның атауы)

р/с №	Халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Шетелдің номиналдық ұстаушының атауы	Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған номиналдық ұстау бойынша қызмет көрсетілетін номиналдық ұстаушының атауы	Шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың меншік иесінің атауы	Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша номиналдық ұстаушы болып табылатын брокерінің клиенттерінің шоттарында тұрған шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың саны (дана)
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
...						
n						
Жиынтығы	x	x	x	x	x	

Бірінші басшы (ол болмайтын кезеңде – оның орнындағы тұлға)

(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы:

(лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты), (қолы)

(телефон нөмірі)

Еселке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

мөр орны

Әкімшілік деректер жинауға
арналған нысанға қосымша
«Номиналдық ұстауда тұрған шет
мемлекеттің заңнамасына сәйкес
шығарылған бағалы қағаздар туралы есеп»

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме

*Номиналдық ұстауда тұрған шет мемлекеттің
заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар туралы есеп*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Номиналдық ұстауда тұрған шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды және ұсынымдық сипатта болады.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды кастодиан тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

1. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттерінің бағалы қағаздарды номиналдық ұстаушыларының қызметін кастодианға көрсететін шетелдік номиналдық ұстаушының атауы көрсетіледі.

6. 5-бағанда кастодианға Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттерінің бағалы қағаздарының номиналдық ұстаушысы бойынша қызмет көрсететін номиналдық ұстаушы болып табылатын брокердің атауы көрсетіледі.

7. 6-бағанда шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың түпкілікті меншік иесінің (жеке тұлға үшін тегі, аты (бар болса - әкесінің аты, заңды тұлға үшін атауы) 4-бағанда көрсетілген номиналдық ұстаушы болып табылатын брокердің клиентінің атауы көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Кастодианның есептілікті ұсыну қағидалары

1. Кастодианның есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және кастодиандардың есептілікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынуы тәртібін айқындайды.
2. Қағидалар уәкілетті органда қолданылмайды.
3. Есептілік қағаз тасымалдауышта жасалады, оған бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтер қол қояды, мөрмен расталады және кастодианда сақталады.
4. Электрондық нысандағы есептілік ұсынылатын деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ете отырып криптографиялық қорғау құралдырымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін қолдана отырып ұсынылады.
5. Электрондық нысанда берілетін деректердің қағаз тасымалдауыштағы деректерге сәйкестігін кастодианның бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және кастодианның бас бухгалтері қамтамасыз етеді.
6. Есептілікке өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған кезде кастодиан уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне пысықталған есептілікті және есептілікке өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы себебін көрсете отырып жазбаша түсіндірме ұсынады.
7. Есептіліктегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен көрсетіледі.

*Қазақстан Республикасының күші жойылған
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Кастодианның есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 маусымдағы № 155 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2941 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының есеп беруін реттейтін кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 28 мамырдағы № 164 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3706 тіркелген) 1-тармағының 3) тармақшасы.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының есеп беруін реттейтін кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 415 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3988 тіркелген, 2006 жылы «Қаржы жаршысы» журналында, № 1 (25) жарияланған) 1-тармағының 3) тармақшасы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 173 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4848 тіркелген, (2007 жылғы 5 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде, № 135 (1338) жарияланған,) қосымшасының 4) тармағы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 1 маусымдағы № 73 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6315 тіркелген) 1-тармағы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2013 жылғы 29 қараша

№ 267

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 242 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы №242 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7977 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 27 желтоқсанда №852-856 (27927) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамын белгілеу қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Есептелген ресми бағамдардың сандық мәні екі ондық белгіден тұрады.

Егер есептеу кезінде шетел валютасының теңгеге қатысты ресми бағамы бірден кем болса, шетел валютасы номиналының сандық мәні қажетті мәнге дейін ұлғая отырып өзгереді.»;

2-тарау мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Қағидалардың қосымшасында көзделген шетел валютасы айналыста болуын тоқтатқан кезде осы шетел валютасына қатысты бағам белгіленбейді.»;

қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 10 қаңтарда № 9062 тіркелді*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2013 жылғы 29 қарашадағы
№ 267 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының
шетел валюталарына қатысты
ресми бағамын белгілеу қағидаларына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шетел валюталарының Қазақстан Республикасының
ұлттық валютасына қатысты _____ жылғы _____ ресми бағамдары туралы хабарлайды

Австралия доллары (AUD)	теңге
Әзірбайжан манаты	теңге
Біріккен Корольдіктің фунт стерлингі (GBP)	теңге
Беларусь рублі (BYR)	теңге
Бразилия реалы (BRL)	теңге
Венгрия форингі (HUF)	теңге
Гонконг доллары (HKD)	теңге
Дат кронасы (DKK)	теңге
БАӘ дирхамы (AED)	теңге
АҚШ доллары (USD)	теңге
Еуро (EUR)	теңге
Үнді рупийі (INR)	теңге
Канада доллары (CAD)	теңге
Қытай юані (CNY)	теңге
Қырғыз сомы (KGS)	теңге
Корея Республикасының вонасы (KRW)	теңге
Кувейт динары (KWD)	теңге
Латвия латы (LVL)	теңге
Литва литі (LTL)	теңге
Малайзия ринггиті (MYR)	теңге
Молдова леясы (MDL)	теңге
Норвегия кронасы (NOK)	теңге
Польша злотыйы (PLN)	теңге
Ресей рублі (RUB)	теңге
Сауд Арабиясының риялы (SAR)	теңге
СДР (XDR)	теңге
Сингапур доллары (SGD)	теңге
Тәжік сомониі (TJS)	теңге
Тай баты (THD)	теңге
Түрік лирасы (TRY)	теңге
Өзбек сумы (UZS)	теңге
Украина гривнасы (UAH)	теңге
Чех кронасы (CZK)	теңге
Швед кронасы (SEK)	теңге
Швейцария франкі (CHF)	теңге
Оңтүстік Африка рэнді (ZAR)	теңге
Жапон йенасы (JPY)	теңге

құжатқа қол қойылған күн

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
Басшылығы _____ Аты-жөні
(қолы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2013 жылғы 29 қараша

№ 268

*Кейбір нормативтік құқықтық актілерге эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының
проспектілерін тіркеу, сондай-ақ эмиссиялық
бағалы қағаздарды орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы
есептерді бекіту мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы туралы есепті бекіту» 2005 жылғы 30 шілдедегі № 268 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3832 тіркелген) мынадай өзгерістер пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қоғамды қайта ұйымдастыру жолымен құрған кезде осы Ереженің 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында санамаланған құжаттардан басқа қоғам мыналарды ұсынады:

1) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда – тиісті лицензияға ие бағалаушы дайындаған, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жасалған қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың мүлкін (меншікті капитал мөлшерін көрсете отырып) бағалау туралы есептің, өткізу актісінің, біріктіру туралы шарттың көшірмелері;

2) қосу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда – тиісті лицензияға ие бағалаушы дайындаған, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жасалған қосылатын қоғамның мүлкін (меншікті капитал мөлшерін көрсете отырып) бағалау туралы есептің, қосу жүзеге асырылатын қоғамның аудиторлық есеппен расталған қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша қаржылық есептілігінің, өткізу актісінің, қосу туралы шарттың көшірмелері;

3) бөлу және бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда – тиісті лицензияға ие бағалаушы дайындаған, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жасалған бөлу не бөлініп шығу нәтижесінде туындайтын қоғамдардың жарияланған акцияларын төлеуге берілетін мүлікті бағалау туралы есептің, бөлу балансының көшірмелері;

4) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда – тиісті лицензияға ие бағалаушы дайындаған, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жасалған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлкіндегі қатысушының (қатысушылардың) үлесін (үлестерін) бағалау туралы есептің, шешім қабылдау күніндегі қаржылық есептіліктің, өткізу актісінің көшірмелері;

5) мемлекеттік кәсіпорыннан қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда – тиісті лицензияға ие бағалаушы дайындаған, қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жасалған мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін (меншікті капитал мөлшерін көрсете отырып) бағалау туралы есептің, шешім қабылдау күніндегі қаржылық есептіліктің және өткізу актісінің көшірмелері.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін қоғам уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) еркін нысанда жасалған өтініш;

2) бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған және қоғамның мөр бедерімен расталған қазақ және орыс

тілдерінде қағаз тасымалдауыштағы екі дана акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар. Екі дананың әрқайсысында акциялар шығарылымының проспектісіне қазақ және орыс тілдеріндегі өзгерістер мен толықтырулар қамтылады;

3) қаржылық есептілік қоса берілмей-ақ, Acrobat Reader форматындағы электрондық тасымалдағышта енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар (қазақ және орыс тілдерінде) қамтылатын акциялар шығарылымының проспектісі;

4) акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қоғамның органы шешімінің көшірмесі.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген шешімнің үзінді көшірмесін ұсынған жағдайда, осы үзінді көшірмеде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;

акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;

акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;

акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

акционерлердің жалпы жиналысы төрағасының (президиум мүшелерінің) және хатшысының тегі, аты, бар болса - әкесінің аты;

акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін дауыс беруге салынған әр мәселесі бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;

акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін мәселе бойынша қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешім;

акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінен үзінді көшірме жиналыс хатшысының (корпоративтік хатшының) және қоғамның бірінші басшысының не оның орнындағы адамның қолымен және қоғам мөрінің бедерімен расталады.

Жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда, қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасынан үзінді көшірмеде директорлар кеңесінің таңдалған мүшесі қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

Егер акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген қоғамның шешімі қоғамның директорлар кеңесінің не атқарушы органының шешімінен үзінді көшірме нысанында ұсынылған болса, осы үзінді көшірмеде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;

отырысты өткізу күні, уақыты және орны (ішкі отырыс болған жағдайда);

отырысқа қатысқан (сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдаған) тұлғалар туралы мәліметтер;

отырыс кворумы;

шешімдері акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге әкеп соқтырған отырыстың күн тәртібінің мәселелері;

акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер енгізілетін дауысқа салуға шығарылған отырыс күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелері;

акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін мәселе бойынша қабылданған шешім.

Директорлар кеңесінің не атқарушы органының отырысы шешімінен үзінді көшірме директорлар кеңесі хатшысының (корпоративтік хатшының) және қоғамның бірінші басшысының не оның орнындағы адамның қолымен және қоғам мөрінің бедерімен расталады.

5) әділет органының не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің белгісі қойылған барлық енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге жарғының (не жарғыға өзгерістер мен толықтырулар

енгізілгенін растайтын құжаттың көшірмесі) және заңды тұлғаны мемлекеттік (тіркеу) қайта тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі;

6) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы (қоғамның атауы, оның орналасқан жері, акциялардың саны және (немесе) түрі өзгерген жағдайда);

7) жарияланған акциялардың санын және (немесе) олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша ірі акционерлер туралы тіркеуші берген анықтаманың көшірмесі;

8) ірі акционерлер туралы мәліметтердің өзгеру күнінен кейінгі күнгі жағдай бойынша акционерлік қоғамның ірі акционерлері туралы тіркеуші берген анықтаманың көшірмесі (ірі акционерлер туралы мәліметтер өзгерген жағдайда);

Банктің банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметтерін пайдалануға ниет білдірген немесе пайдаланатын, орташа айлық табысы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында соңғы жарияланған, қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеуді жүзеге асыру күні қолжетімді орташа айлық жалақыға тең немесе екі есе мөлшеріне тең болатын Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға қарыз алушы деп түсініледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген қарыздарды, қамтамасыз етілуі сатып алынатын автокөлік болып табылатын қарыздарды, қамтамасыз етілуі банктік салым шартына сәйкес банкте орналастырылған және берілетін қарыздың сомасын толық жабатын ақша болып табылатын қарыздарды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға қарыз алушыларға берілген қарыздарға және білімдік кредит беру жүйесі шеңберінде берілетін қарыздарға қолданылады.

3. Қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициенті қарыз алушының барлық өтелмеген қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасын қоса алғанда қарыз алушының барлық өтелмеген қарыздары бойынша орташа ай сайынғы төлем және осы қаулының 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда туындайтын қарыз алушының жаңа берешегі бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасының қарыз алушының соңғы алты айдағы орташа ай сайынғы табысына қатынасы ретінде былайша есептеледі:

$$\text{БЖК} = \frac{\sum_{i=1}^n \Theta \text{ҚТ}_i + \sum_{i=1}^n \text{МТ}_i + \text{ҚТ}}{\text{К}}$$

мұндағы:

БЖК – борыштық жүктеме коэффициенті;

$\Theta \text{ҚТ}_i$ – қарыз алушының өтелмеген қарызы (өтелмеген қарыздары) бойынша, осы қаулының 4-тармағына сәйкес есептелетін ай сайынғы орташа төлем;

MT_1 – қарыз алушының өтелмеген қарызы (өтелмеген қарыздары) бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасы;

ҚТ – қарыз алушының жаңа берешегі бойынша, осы қаулының 5-тармағына сәйкес есептелетін ай сайынғы орташа төлем;

n – қарыз алушының өтелмеген қарыздарының саны;

K – қарыз алушының осы қаулының 7-тармағына сәйкес есептелетін ай сайынғы орташа табысы.

4. Қарыз алушының өтелмеген қарызы (өтелмеген қарыздары) бойынша ай сайынғы орташа төлемі өтелмеген қарыз (өтелмеген қарыздар) бойынша алдағы төлемдер сомасының осы қарыздың (осы қарыздардың) айлармен көрсетілген қалған мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі.

Өтелмеген қарыз бойынша алдағы төлемдер сомасына негізгі борыш бойынша қалдық пен қарыз бойынша сыйақы сомасы кіреді.

Қарыз алушыға бұрын жасалған банктік қарыз шартын (шарттарын) қайта қаржыландыру мақсатында қарыз беру жүзеге асырылған жағдайда, өтелмеген қарыздар бойынша алдағы төлемдер сомасынан өтелмеген қарыз бойынша қайта қаржыландырылуы тиіс берешек сомасы алып тасталуы тиіс.

Қарыз алушының өтелмеген қарызы бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасына мерзімі өткен негізгі борыш, мерзімі өткен сыйақы сомасы және банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, микроқаржы ұйымының, сондай-ақ тізбесі «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабында белгіленген өзге де ақпарат жеткізушілердің (бұдан әрі – ақпарат жеткізушілер) балансынан тыс есептен шығарылған берешек сомасы кіреді.

Қарыз алушының өтелмеген қарыздары бойынша алдағы төлемдердің және өтелмеген қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдердің болуы және сомалары туралы ақпаратты банк кредиттік бюродан сұратып алады.

Қарыз алушының өтелмеген қарыздары бойынша алдағы төлемдер сомасының және өтелмеген қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасының есебіне барлық ақпарат жеткізушілер кредиттік бюроға ұсынатын мәліметтер кіреді.

Қарыз алушының өтелмеген қарыздарына осы қаулының 2-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген қарыздар, жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген қарыздар, қамтамасыз етілуі сатып алынатын автокөлік болып табылатын қарыздар, қамтамасыз етілуі банктік салым шартына сәйкес банкте орналастырылған және берілетін қарыздың сомасын толық жабатын ақша болып табылатын қарыздар және білімдік кредит беру жүйесі шеңберінде берілетін қарыздар кіреді.

5. Қарыз алушының жаңа берешегі бойынша ай сайынғы орташа төлемі өтеу кестесіне сәйкес есептелген, негізгі борыш бойынша төлемдер мен сыйақы сомасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7663 тіркелген) бекітілген Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларының 8-тармағында белгіленген, қарыз алушының банктік қарыз шартын жасауымен және орындауымен байланысты өзге де төлемдер сомасының осы қарыздың айлармен көрсетілген мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі.

6. Қарыз алушының өтелмеген қарыздары бойынша алдағы төлемдер сомасының, сондай-ақ жаңа берешегі бойынша ай сайынғы орташа төлемнің есебіне кредиттік лимиттің пайдаланылмаған бөлігі бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы кіреді.

Кредиттік лимиттің пайдаланылмаған бөлігі бойынша ай сайынғы орташа төлемнің сомасын бағалау кредиттік лимит бойынша сыйақының болжанған көлемі ескеріле отырып оның пайдаланылмаған бөлігінің мөлшерінің осы лимиттің шартта айқындалған, айлармен көрсетілген ең ұзақ мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі.

Банктің ашық кредиттік желі шеңберінде қарыз алушыға қарыз беру жөніндегі шартты міндеттемесінің сомасы кредиттік лимиттің пайдаланылмаған бөлігі деп түсініледі.

7. Қарыз алушының ай сайынғы орташа табысы қарыз алушының соңғы алты айдағы жалақысы және (немесе) өзге де табыстары сомасының алтыға қатынасы ретінде есептеледі.

Банктер қарыз алушының ай сайынғы орташа табысын есептеуді қарыз алушының өтініш жасау алдындағы қатарынан алты айдағы қарыз алушының жалақысын және (немесе) өзге де табыстарын көрсететін және растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырады.

Банк қарыз алушының ай сайынғы орташа табысының есебіне алатын табыстар түрлері қарыз алушының өтініш жасау алдындағы қатарынан алты ай ішіндегі кем дегенде екі кез келген айға алынуы тиіс.

8. Қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің ең үлкен деңгейі 0,5 құрайды.

9. Егер қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің мәні осы қаулының 8-тармағында белгіленген мәндерден жоғары болып табылған жағдайда банк:

қарыз алушыға ашылған кредиттік желі шеңберінде қарыз (қарыздың бір бөлігін) беруді қоспағанда қарыз алушыға қарыз беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимитті белгілеу);

қарыз алушыға жасалған банктік қарыз шарты (шарттары) шеңберінде қосымша қарыз беру;

қарызды өтеу кестесіне сәйкес осы қарыз бойынша мерзімді төлемдер мөлшерінің ұлғаюына алып келетін, қарыз алушының ашық кредиттік желісінің және (немесе) қарызы талаптарының өзгеруі туралы оң шешімдер қабылдамайды.

10. Банк қарыз алушының борыштық жүктемесін қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін бағалаудың меншікті жүйесі негізінде өздігінен айқындайды. Егер банк қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін бағалаудың меншікті жүйесі негізінде айқындаған қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің мәні осы қаулының 8-тармағында белгіленген борыштық жүктеме коэффициентінің ең жоғары деңгейінен төмен болса, банк:

қарыз алушыға ашылған кредиттік желі шеңберінде қарыз (қарыздың бір бөлігін) беруді қоспағанда, қарыз алушыға қарыз беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимитті белгілеу);

жасалған банктік қарыз шарты (шарттары) шеңберінде қосымша қарыз беру;

қарызды өтеу кестесіне сәйкес осы қарыз бойынша мерзімді төлемдер мөлшерінің ұлғаюына алып келетін, қарыз алушының ашық кредиттік желісінің және (немесе) қарызы талаптарының өзгеруі туралы шешімдер қабылдау кезінде қарыз алушының кредит төлеу қабілеттілігін бағалаудың меншікті жүйесін басшылыққа алады.

11. Осы қаулы 2014 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 4 ақпанда № 9125 тіркелді*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2013 жылғы 25 желтоқсан

№ 294

*Кейбір нормативтік құқықтық актілерге банктік қызметті
реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Банктік қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. 2014 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының үшінші – он тоғызыншы, қырық жетінші – алпыс алтыншы, тоқсаныншы – тоқсан төртінші абзацтарын, Тізбенің 2-тармағының жиырма төртінші – отыз жетінші, елу екінші – елу алтыншы абзацтарын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тізбенің 1-тармағының сексен алтыншы – сексен тоғызыншы абзацтары 2013 жылғы 28 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Тізбенің 3-тармағының төртінші абзацы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Тізбенің 4-тармағы 2013 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 4 ақпанда № 9124 тіркелді*

*Банктік қызметті реттеу мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Банктің жарғылық капиталының ең аз мөлшері мынадай тәртіппен белгіленеді:

жаңадан құрылатын банктер үшін 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге мөлшерде;

тұрғын үй құрылыс жинақ банктері үшін 3 000 000 000 (үш миллиард) теңге мөлшерде.

Бір филиалдан көп емес филиалы бар банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері мынадай тәртіппен белгіленеді:

жаңадан құрылатын банктер үшін 10 000 000 000 (он миллиард) теңге мөлшерде;

банктер үшін 10 000 000 000 (он миллиард) теңге мөлшерде, оның ішінде онда 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптастырылған резервтік капитал және 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптастырылған динамикалық резерв сомасында жинақталған ашып көрсетілген резерв болғанда;

2009 жылғы 1 қазанда меншікті капиталының мөлшері 10 000 000 000 (он миллиард) теңгеден аз болған банктер үшін - 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңге мөлшерде, мынадай талаптармен:

банктің Астана және Алматы қалаларынан тыс қайта тіркелу;

банк міндеттемелерінің 50% (елу пайызынан) кем емес мөлшерде Астана және Алматы қалаларынан тыс тіркелген жеке және заңды тұлғалардан қабылданған депозиттер сомасының болуы (банктің арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын және банкаралық салымдарды қоспағанда);

Астана және Алматы қалаларынан тыс тіркелген жеке және заңды тұлғалардан қабылданған депозиттер мен банктің жарғылық капиталы сомасының 50% (елу пайызынан) кем емес мөлшерде Астана және Алматы қалаларынан тыс тіркелген банкпен үлестес емес қарыз алушыларға берілген кредиттердің (банкаралық кредиттерді және «кері РЕПО» операцияларын қоспағанда) болуы.

Меншікті капитал мөлшері осы тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацында көзделген мөлшерге дейін ұлғайтылған жағдайда осы тармақтың екінші бөлігінің төртінші, бесінші, алтыншы абзацтарында көзделген талаптарды орындау талап етілмейді;

тұрғын үй құрылыс жинақ банктері үшін 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге мөлшерде.

Бір филиалдан көп филиалы бар банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері мен:

облыстың әкімшілік орталығында, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларында орналасқан әрбір филиал үшін 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

басқа қалаларда орналасқан әрбір филиал үшін 15 000 000 (он бес миллион) теңге;

басқа елді мекендерде орналасқан әрбір филиал үшін 10 000 000 (он миллион) теңге сомасы ретінде белгіленеді.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Меншікті капитал бірінші деңгейдегі капитал мен екінші деңгейдегі капиталдың (екінші деңгейдегі капитал бірінші деңгейдегі капиталдан аспайтын мөлшерде енгізіледі) және банк инвестицияларын шегергендегі үшінші деңгейдегі капиталдың (үшінші деңгейдегі капитал нарықтық тәуекелді жабуға

арналған бірінші деңгейдегі капитал бөлігінің екі жүз елу пайызынан аспайтын мөлшерде енгізіледі) сомасы ретінде есептеледі.

Банктің заңды тұлғаның акцияларына (жарғылық капиталында қатысу үлестеріне) салымдары, сондай-ақ жиынтық мөлшері банктің бірінші деңгейдегі капиталы мен екінші деңгейдегі капиталы сомасының он пайызынан асатын заңды тұлғаның реттелген борышы банктің инвестицияларын білдіреді.

Үшінші деңгейдегі капитал нарықтық тәуекел шамасын жабуға арналған.

Бірінші деңгейдегі капиталдың нарықтық тәуекелді жабуға арналған бөлігі мынадай тәртіппен есептеледі:

активтердің, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің жалпы сомасы мен операциялық тәуекелдің мөлшері айқындалады;

осы тармақтың төртінші бөлігінің екінші абзацына сәйкес есептелген алынған тәуекелдер шамасын осы Нұсқаулықтың 16-тармағында айқындалған меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің нормативтік мәніне көбейту жолымен меншікті капиталға екінші деңгейдегі капиталды қосу бойынша белгіленген шектеулерді ескере отырып, меншікті капитал жеткіліктілігінің нормативтерін орындауға арналған бірінші деңгейдегі капиталдың ең төменгі мөлшері айқындалады;

нарықтық тәуекелді жабуға арналған бірінші деңгейдегі капиталдың бөлігі бірінші деңгейдегі капиталдың нақты мөлшері мен бірінші деңгейдегі капиталдың осы тармақтың төртінші бөлігінің үшінші абзацына сәйкес есептелген ең төменгі мөлшерінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Нарықтық тәуекелді жабуға арналған бірінші деңгейдегі капиталдың бөлігі нарықтық тәуекел шамасының осы Нұсқаулықтың 16-тармағында айқындалған меншікті капитал жеткіліктілігінің нормативтік мәніне көбейтіндісі ретінде есептелетін, нарықтық тәуекелді жабу үшін қажетті капитал мөлшерінің 3,5-ке қатынасынан аспайды.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін Standard&Poor's агенттігінің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингілік агенттіктер) ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік бағаларын да таниды.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай ұйымдар халықаралық қаржы ұйымдарына жатады:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Халықаралық даму қауымдастығы;

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық валюта қоры;

Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы;

Көптарапты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі;

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (ICD).»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бірінші деңгейдегі капитал мынадай сома ретінде есептеледі:

сатып алынған меншікті акцияларды шегергендегі төленген жарғылық капитал;

қосымша капитал;

өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі (оның ішінде өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі есебінен қалыптасқан қорлар, резервтер);

жинақталған ашып көрсетілген резерв;

нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржы активі және басқа тұлғада қаржылық міндеттеме немесе заңды тұлғаның барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін қалған активтер үлесіне құқығын растайтын

өзге қаржы құралы туындайтын мерзімсіз шарттар (бұдан әрі – осы Нұсқаулықтың 5-9-тармақтарында көрсетілген мерзімсіз қаржы құралдары);

мыналарды шегергенде:

банктің негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған және 1999 жылғы 1 шілдеден бастап немесе кейін басталатын кезеңдерді қамтитын қаржылық есептілік үшін күшіне енген, 1998 жылғы шілдеде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитеттің Басқармасы бекіткен 38 «Материалдық емес активтер» халықаралық қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – 38 халықаралық қаржылық есептілік стандарты) сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтер;

өткен жылдардың шығындары;

ағымдағы жылдың шығыны.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдауды жүзеге асыратын (асырған) банктердің қайта құрылымдау қорытындылары бойынша алынған ағымдағы жылдың кірістерін бірінші деңгейдегі капиталға кіргізуіне жол беріледі.

Бірінші деңгейдегі капиталды есептеу мақсаттары үшін жинақталған ашып көрсетілген резерв Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3510 «Резервтік капитал» және 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3400 «Динамикалық резервтер» баланстық шотындағы қалдықтар сомасы ретінде айқындалады.»;

10 және 10-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Екінші деңгейдегі капитал:

ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасының мөлшері;

негізгі құрал-жабдықтар мен бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві;

бірінші деңгейдегі капитал есебіне енгізілмеген төленген мерзімсіз қаржы құралдары;

банктің сатып алынған меншікті реттелген борышын шегергендегі бірінші деңгейдегі капитал сомасының елу пайызынан аспайтын сомада меншікті капиталға енгізілетін екінші деңгейдегі банктің реттелген борышы сомасы ретінде есептеледі.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдауға жататын банк үшін реттелген борыш екінші деңгейдегі капиталға сот шешімімен айқындалған қайта құрылымдау жүргізу мерзімі аяқталған күнінен бастап бес жыл ішінде банктің құны төленген меншікті реттелген борышын шегергенде бірінші деңгейдегі капитал сомасының жетпіс бес пайызынан аспайтын сомада енгізіледі.

10-1. Бірінші және екінші деңгейдегі капиталдың мақсаттары үшін ағымдағы жылдың немесе өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасының (зиянының) есебіне Үлгі шот жоспарының «Резервтерді (провизияларды) түзету шоты» 3300-шотында көрсетілген 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай мөлшердегі дебет қалдығы (бұдан әрі – дебет қалдығы) кірмейді:

2013 жылы – дебет қалдығы сомасының 83,3 пайызы;

2014 жылы – дебет қалдығы сомасының 66,6 пайызы;

2015 жылы – дебет қалдығы сомасының 50 пайызы;

2016 жылы – дебет қалдығы сомасының 33,3 пайызы;

2017 жылы – дебет қалдығы сомасының 16,6 пайызы.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін «Резервтерді (провизияларды) түзету шоты» 3300-шотындағы дебет қалдығы деп 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген) бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу мен оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне сәйкес құрылған резервтер (провизиялар) мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құрылған резервтер арасындағы 2012 жылғы 31 желтоқсанда қалыптасқан теріс айырманың сомасы түсініледі.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі мынадай үш коэффициентпен сипатталады:

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы екінші деңгейдегі капитал бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларын шегергендегі бірінші деңгейдегі капиталдың екінші деңгейдегі капиталдың бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларының сомасына азайтылған банк активтерінің мөлшеріне қатынасымен ($k1-1$);

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы екінші деңгейдегі капитал бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларын шегергендегі бірінші деңгейдегі капиталдың мыналар сомасына қатынасымен:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер; нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел ($k1-2$);

меншікті капиталдың мыналар сомасына қатынасымен:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер; нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел ($k2$).

$k1-1$ коэффициентін есептеу мақсаттары үшін активтер және тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген, $k1-1$ және $k2$ коэффициенттері есебіне алынатын активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер шегеріле отырып енгізіледі.»;

45-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45-1. Өтімділік нормативтері орташа айлық негізде айқындалатын өтімділік коэффициенттерінің есептік мәндеріне қарамастан, мынадай жағдайларда:

1) банкте есепті кезең ішінде кредиторлар мен салымшылар алдында мерзімі өткен міндеттемелер болған не Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңнамасының нормаларын бұзу фактілері болған кезде;

2) банк жеке тұлғалардың жаңадан тартылған (теңгемен және шетел валютасымен) депозиттері бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесі белгілейтін және оларды сақтау үшін банктерге ұсынылатын ең жоғары (ұсынылатын) сыйақы мөлшерлемелерін асырған кезде орындалмаған болып есептеледі.»;

мынадай мазмұндағы 6-3-тараумен толықтырылсын:

«6-3. Банктің несие портфеліндегі тұтынушылық қарыздардың ең жоғары өсімінің коэффициенті.

53-9. Банктің несие портфеліндегі тұтынушылық қарыздар өсімінің коэффициенті $k10$ коэффициентімен сипатталады, 0,30-дан көп емес мөлшерде белгіленеді және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша қалыптастырылған резервтер ескеріле отырып, ағымдағы күнтізбелік жылдың басынан бастап есепті күндегі тұтынушылық қарыздар портфелі өсімінің күнтізбелік жылдың басындағы тұтынушылық қарыздардың портфеліне қатынасы ретінде есептеледі.

Есепті күндегі тұтынушылық қарыздар портфелінің өсімі есепті күндегі тұтынушылық қарыздар портфелі мен күнтізбелік жылдың басындағы тұтынушылық қарыздар портфелінің арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Осы коэффициентті есептеу мақсаттары үшін тұтынушылық портфель ретінде жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген қарыздарды, сатып алынатын автокөлік қамтамасыз етілуі болатын қарыздарды, банктік салым шартына сәйкес банкте орналастырылған және берілетін қарыз сомасын толығымен жабатын ақша қамтамасыз етілуі болатын қарыздарды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға жеке тұлғаларға берілген қарыздар және білім беруді кредиттеу жүйесі шеңберінде берілетін қарыздар түсініледі.»;

1-қосымшаның «Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған банк активтерінің кестесі» кестесінде:

реттік нөмірі 59-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	59	III тәуекел тобына жатқызылғандарды қоспағанда, жеке тұлғаларға берілген қарыздар, оның ішінде тұтынушылық кредиттер	100	».
---	----	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----	----

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ислам банктеріне арналған пруденциалдық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 27 наурыздағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5670 тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банктеріне арналған пруденциалдық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Меншікті капитал бірінші деңгейдегі капиталдың және банк инвестицияларын шегергендегі екінші деңгейдегі капиталдың (екінші деңгейдегі капитал бірінші деңгейдегі капиталдан аспайтын мөлшерде енгізіледі) сомасы ретінде есептеледі.

Банктің инвестициялары акцияларын немесе жарғылық капиталында қатысу үлестерін банк заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу жолымен және (немесе) серіктестік талабымен өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру кезінде иеленген заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталда қатысу үлестеріне) банктің салымын қоспағанда, банктің заңды тұлға акцияларына салымдарын (жарғылық капиталда қатысу үлестерін) білдіреді.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін Standard&Poog's агенттігінің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингілік агенттіктер) ұзақ мерзімді кредиттік рейтингілік бағаларын да таниды.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай ұйымдар халықаралық қаржы ұйымдарына жатады:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Халықаралық даму қауымдастығы;

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық валюта қоры;

Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы;

Көптарапты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі;

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (ICD).»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бірінші деңгейдегі капитал мынадай сома ретінде есептеледі:

сатып алынған меншікті акцияларды шегергендегі төленген жарғылық капитал;

қосымша капитал;

жинақталған ашып көрсетілген резерв;

өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі (оның ішінде өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі есебінен қалыптасқан қорлар, резервтер);

мыналарды шегергенде:

банктің негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған және 1999 жылғы 1 шілдеден бастап немесе кейін басталатын кезеңдерді қамтитын қаржылық есептілік үшін күшіне енген, 1998 жылғы шілдеде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитеттің Басқармасы бекіткен 38 «Материалдық емес активтер» халықаралық қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – 38

халықаралық қаржылық есептілік стандарты) сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтер;

өткен жылдардың шығындары.

Бірінші деңгейдегі капиталды есептеу мақсаттары үшін жинақталған ашып көрсетілген резерв Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3510 «Резервтік капитал» және 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3400 «Динамикалық резервтер» баланстық шотындағы қалдықтар сомасы ретінде айқындалады.

5. Екінші деңгейдегі капитал:

ағымдағы жыл кірістерінің ағымдағы жыл шығыстарынан асу мөлшерінің;

ағымдағы жыл шығыстарының ағымдағы жыл кірістерінен асу мөлшерінің;

негізгі қаражат пен бағалы қағаздарды қайта бағалау резервінің сомасы ретінде есептеледі.

6. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі мынадай үш коэффициентпен сипатталады:

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы екінші деңгейдегі капитал бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларын шегергендегі бірінші деңгейдегі капиталдың екінші деңгейдегі капиталдың бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларының сомасына азайтылған банк активтерінің мөлшеріне қатынасымен (k1-1);

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы екінші деңгейдегі капитал бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларын шегергендегі бірінші деңгейдегі капиталдың мыналар сомасына қатынасымен:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер; нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел;

мыналарды шегергенде:

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер (k1-2);

меншікті капиталдың мыналар сомасына қатынасымен:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер; нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел;

мыналарды шегергенде:

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер (k2).»;

мынадай мазмұндағы 9-тараумен толықтырылсын:

«9. Банктің несие портфеліндегі тұтынушылық қарыздардың ең жоғары өсімінің коэффициенті.

58. Банктің несие портфеліндегі тұтынушылық қарыздар өсімінің коэффициенті к10 коэффициентімен сипатталады, 0,30-дан көп емес мөлшерде белгіленеді және халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша қалыптастырылған резервтер ескеріле отырып, ағымдағы күнтізбелік жылдың басынан бастап есепті күндегі тұтынушылық қарыздар портфелі өсімінің күнтізбелік жылдың басындағы тұтынушылық қарыздардың портфеліне қатынасы ретінде есептеледі.

Есепті күндегі тұтынушылық қарыздар портфелінің өсімі есепті күндегі тұтынушылық қарыздар портфелі мен күнтізбелік жылдың басындағы тұтынушылық қарыздар портфелінің арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Осы коэффициентті есептеу мақсаттары үшін тұтынушылық портфель ретінде жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген қарыздарды, сатып алынатын автокөлік қамтамасыз етілуі болатын қарыздарды, банктік салым шартына сәйкес банкте орналастырылған және берілетін қарыз сомасын толығымен жабатын ақша қамтамасыз етілуі болатын қарыздарды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті

жүзеге асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға жеке тұлғаларға берілген қарыздар және білім беруді кредиттеу жүйесі шеңберінде берілетін қарыздар түсініледі.»;

1-қосымшаның «Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі» кестесінде:

реттік нөмірі 42-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	42	III тәуекел тобына жатқызылғандарды қоспағанда, жеке тұлғаларға талаптар	».
---	----	--------------------------------------------------------------------------	----

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 74 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8436 тіркелген, 2013 жылғы 12 маусымда «Заң газеті» газетінде № 85 (2286) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Тізбенің 1-тармағының бір жүз отыз бесінші, бір жүз отыз алтыншы абзацтары, 4-тармағының қырық алтыншы, қырық жетінші абзацтары 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.»

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Рейтингтік агенттіктерді және банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған ең төменгі талап етілетін рейтингіні белгілеу туралы» 2013 жылғы 28 маусымдағы № 141 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8594 тіркелген, 2013 жылғы 5 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 133 (2334) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күні банкте осы қаулының 1 және 2-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін бағалы қағаздары болған жағдайда, банк көрсетілген бағалы қағаздарды сатуды, сондай-ақ есеп саясатына сәйкес осы бағалы қағаздарды 39 «Қаржы құралдары: тану және өлшеу» Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (IAS) талаптарына қайшы келмейтін жағдайларда «өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары» санатына аударуды жүзеге асыра алады.»

